20592398315

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 04 желтоқсандағы №2713-23-00-2/2756 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Журабаев Б.Ш.
азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің Орталық кеден зертханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«AZAMAT»-Төлегенов Азамат Жасұланұлы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің Орталық кеден зертханасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «AZAMAT»-Төлегенов Азамат Жасұланұлы жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«AZAMAT»-Төлегенов Азамат Жасұланұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«AZAMAT»-Төлегенов Азамат Жасұланұлы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге

мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Журабаев Б.Ш.

Құжатқа қол қойылған: Журабаев Б. Ш., 04.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 15.01.2024, судья Журабаев Б. Ш., 17.01.2024

2713-23-3-1/3015